ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ «ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ЦЕНТРАЛЬНАЯ РАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080200, Жамбыл облысы,Жамбыл ауданы,
Аса ауылы, Абай көшесі, №102 «В»
Телефон: 872633 41906;
E-mail: srbjambylasa@ yandex.kz

080200, Жамбылская область, Жамбылский
район, село Аса, улица Абая, №102 «В»
телефон: 872633 41906;
E-mail: srbjambylasa@yandex.kz

«18» 12 2025г № 1223.

«Күзет агенттігінің қызметтерін сатып алу туралы» № 15761975-2 ашық конкурсы бойынша келіп түскен өнім берушілер шағымын қарау қорытындысы бойынша «ЖОӘ ДСБ Жамбыл аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК атынан ұйымдастырушының/тапсырыс берушінің

ШЕШІМІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 592 – 595-тармақтарына сәйкес

Шешім қабылданды:

1. "Найза Security" ЖШС, "СЛУЖБА ОХРАНЫ ШЫҢ АЛЕМ" ЖШС, "ADAL QORGAUSHY" ЖШС, "Охранное агентство "Taraz City" ЖШС, "Охранное агентство "Ер-Нұр" ЖШС шағымдарын қанағаттандырудан мынадай негіздер бойынша бас тартылсын:
- Техникалық сипаттамада қызметтердің сапасы Қазақстан Республикасында қолданылатын қолданыстағы стандарттарға, техникалық және өзге де нормаларға сәйкес болуы тиіс деп көрсетілген.
- «Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығының 3-тарауының 4-тармақшасы бойынша, жеке күзет ұйымдары, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктері террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету үшін: Тиісті радиожиілік органы берген

радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат не **жиілігі бар радиобайланыстарға абоненттік (жалға алу) қызмет көрсетуге арналған шарт** болуы тиісті. Осы талапқа сәйкестігін өтініш беруші (лицензиар) қызметті жүзеге асыру орны бойынша лицензиардың бөлімшесіне тиісті құжаттарды жолдау кезінде растайды – деп бекітілген.

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығының 3-тарауының 4-тармақшасын незіге ала отырып, Тапсырыс берушінің террористік тұрғыдан осал объектісі Аса ауылында орналасуына байланысты, "Найза Security" ЖШС, "СЛУЖБА ОХРАНЫ ШЫҢ АЛЕМ" ЖШС, , "Охранное агентство "Ер-Нұр" ЖШС-терінің радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсатын қолдану аумағы сәйкес келмейді, ал "ADAL QORGAUSHY" ЖШС, "Taraz City" ЖШС-терінің радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаты жоқ.
- Күзет қызметі - қызметтерді көрсететін әлеуетті өнім берушілер және өнім берушілер көрсетілген қызметтерді сатып алу жоспарланатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағында болуға міндеттемейді, бірақ радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсатын қолдану аумағы қызмет көрсету аумағымен сәйкес келуі тиісті болып табылады.
- Әлеуетті өнім берушілердің радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаты болмаған немесе қолдану аумағы сәйкес келмеген жағдайда, радиожиілік спектрін пайдалану рұқсатын қолдану аумағы сәйкес келетін радиобайланысты жалға алу қызметіне келісім-шартқа отыруға болады.

2. Шағымдар бойынша жауапты тұлғалар мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу веб-порталында тиісті іс-қимыл жасасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Шешіммен келісемін:

Шағымдар бойынша орындаушы:

_____Азимханов Дулат Дидарович

Шағымдар бойынша менеджер:

_____Азимханов Дулат Дидарович

Бас дәрігер **Қайыпберген А.С.**